

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201\_жылғы «\_\_»\_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажиліс Парламента

«\_\_»\_\_\_\_\_201\_года

№ \_\_\_\_\_

2017 жылғы 15 қарашада  
жарияланды

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары  
А.Ұ. Маминге**

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Биылғы егін ору науқанының нәтижесі айтарлықтай табысты болғаны баршамызға мәлім. Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми мәліметтеріне сәйкес астықтың жалпы жиынтығы 21 миллионнан астам тоннаны құрады. Осының үштен екі бөлігі халықаралық стандарттарға сай келетін жоғары сапалы өнім.

Ендігі мәселе жинап-терген өнімді іске жарату, яғни уақытылы ішкі және сыртқы нарыққа тасымалдауда.

Дегенмен, жыл сайын астықты сыртқы және ішкі нарыққа шығарғанда келеңсіз жағдайлар орын алып жатады, атап айтқанда астықты тиейтін жүк вагондарының жетіспеушілігі. Осыған байланысты, нарыққа шығарылатын өнімнің басым бөлігі қоймаларда жатып қалады. Осындай жағдай биыл да қайталанып отыр.

Мысалы, астықты өлке саналатын Солтүстік Қазақстан облысында бір күнде ғана 654 вагон астық кем тиелген. Тасымал вагондардың жетіспеушілігі Қостанайлық ұн өндірушілерді де тығырыққа тіреп отыр. Соңғы екі айда небары 979 жүк вагоны тиелген. Бұл қажетті көлемнің 26 пайызын ғана құрайды.

Қазан айының соңғы күндері астықтың уақтылы жеткізілмеуіне байланысты Оңтүстік Қазақстандағы ірі ұн өндіруші кәсіпорындар жұмысы тоқтап қалуға аз қалды. Аймақтағы ең ірі астық өндіруші «Алтын дән»

кәсіпорнының тоқтаусыз жұмыс істеуі үшін тәулігіне 15 вагон шикізат қажет екен. Ал осы көлемдегі шикізатты қамтамасыз ететін вагондар жетіспейді.

Қазіргі уақытта, астық вагондарының саны 9700-ді құрайды. Осы вагондардың басым бөлігінің тозығы жеткен. Оның үстіне, болжам бойынша шамамен 7 мыңнан астам жүк вагондары жетіспейді. Оның ішіне, арнайы майлы дақылдар, азық-түлік өнімдерін тасымалдайтын вагондар да кіреді.

Осындай жағдайларға қарамастан өзіміздегі бар жүк вагондарыныңөзінбасқа елге жалға берілуі анықталған.

Жоғарыдағы айтылған мәселелер бойынша бір топ әріптестерім Үкіметке тиісті хат та жолдаған болатын.

Осыған байланысты, ауыл шаруашылығы саласы темір жол тасымалына тікелей тәуелді болғандықтан, құрметті Асқар Ұзақбайұлы, астықты уақытылы экспорттау және ел ішінде тасымалдау үшін арнайы вагондарды көбейту мәселесін шешу үшін керекті шараларды қолдануыңызды сұраймын.

**Құрметпен,  
«Нұр Отан» партиясы  
Фракциясының мүшесі**

**Ж. Дүйсебаев**

*Орын: Дюшева М.Е.  
тел. 74-64-16*